«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» ЖШС

ТОО «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ МЕДИЦИНСКАЯ АКАДЕМИЯ»

Педагогикалық кеңестің
отырысында қаралды және мақұлданды
«29 » тамыз 2024 жылғы № 1 хаттама.

Бекітемін
«РМА» ЖШС директоры
_____ Смакова С.С.
«__09__» _____ 2024ж.

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Озық тәжірибе мектебі (бұдан әрі - ОТМ) туралы Ереже — «Білім туралы» ҚР Заңының негізінде өңделді, «РМА» ЖШС-нің Жарғысына сәйкес құрастырылды. Ереже ОТМ-нің мақсаттарын, міндеттерін, қызмет аясын реттейтін ішкі жергілікті нормативтік құжат.

Озық тәжірибе мектебі әдістемелік кабинет негізінде құрылады және озық педагогикалық тәжірибені насихаттаудың прогрессивті формасы болып табылады.

Педагогтердің озық тәжірибесі оқу-тәрбие жұмысында жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ОТМ құрамына РМА-ның жоғарғы, бірінші санатты немесе шебер, зерттеуші, сарапшы санатындағы оқытушылары кіреді.

ОТМ жылдық жоспары әдістемелік кеңесте қарастырылып, директормен бекітеді.

ОТМ отырыстары оқу жылына үш рет өткізіледі.

2. ОТМ қызметінің мақсаты:

Үздік педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, тарату.

3. ОТМ міндеттері:

1. Озық тәжірибені анықтау, жалпылау және тарату, оқытудағы құнды педагогикалық әдіс-тәсілдермен алмасу.
2. Үздік педагогикалық тәжірибемен бөлісу.
3. Оқытушылардың педагогикалық шығармашылығын және бастамасын ынталандыру.
4. РМА оқытушыларының шығармашылық қызметінің мотивін дамыту.

4. ОТМ-нің жұмыс нысаны

Озық тәжірибе мектебінің жұмыс жоспары келесі жұмыс нысандарын қарастырады:

- оқу-әдістемелік семинарларға баяндамамен қатысу;
- ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу

- байқауларға және олимпиадаларға қатысу;
- ғылыми-әдістемелік журналдар мен жинақтарда мақалаларды жариялау;
- әдістемелік нұсқауларды өңдеу, бюллетендерді шығару;
- инновациялық технологияларды қолдану арқылы ашық сабақтар өткізу;
- өз бетінше білім алу және жұмыстың басқа формалары бойынша тақырыптарды қорғау.

5. Ұйымдастыру және басқару

Озық тәжірибе мектебінің жалпы басшылығын әдіскер жүзеге асырады.

Әдіскер озық тәжірибе мектебі қатысушыларының тізімін іріктеп, жыл басында бұйрық жобасын жасайды.

ОТМ құрамында кемінде 3 педагог болу керек.

Мектеп мүшелерімен бірлесіп ОТМ-нің жылдық жоспарын құрастырады.

ОТМ отырыстарын ұйымдастырады, хаттамаларын рәсімдейді.

ОТМ жұмысы бойынша жылдық есеп жасайды.

- оқытушылардың жұмыс тәжірибесін жалпылау процессін ұйымдастырады;
- ОТМ-нің инновациялық әдістері мен тәсілдерін, ұсыныстарын оқу процессіне енгізуді бақылайды;

6. Іс қағаздар

1. Озық тәжірибе мектебі туралы Ереже.
2. Озық тәжірибе мектебінің жұмыс жоспары.
3. Әдістемелік ұсынымдар, бюллетеньдер, ашық сабақтардың әзірлемелері, жарияланымдар.

РМА-ның оқу-тәрбие үдерісіне озық педагогикалық тәжірибені енгізу бойынша жұмыстардың нәтижелері жыл сайын әдістемелік кеңестің қорытынды отырысында талданады.